

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ
ISSN 2788-5283
eISSN 2788-5291
TOM 80 НӨМІРІ 3(2025), 99-113

ӨОЖ 347.451.031
ҒТАМР 10.23.31
DOI 10.52026/2788-5291_2025_80_3_99
Ғылыми мақала

© С.М. Ильясова¹, Н.А. Алдабергенова¹, М.К. Жусупбекова^{2*}, 2025

¹ «Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан

² Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
(E-mail: ¹samal@mail.ru; ¹n.aldabergenova@turan-edu.kz; ²zhmk6464@mail.ru)

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ШАРТТАРДЫ ЖАСАСУДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Аннотация. Бұл мақалада авторлар мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасудағы құқықтық тәуекелдерді теориялық және практикалық тұрғыда зерттейді, негізгілерін анықтайды, пайда болу заңдылықтарын түсіндіреді, азайту жолдарын ұсынады.

Мақаланың мақсаты мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасудағы негізгі құқықтық тәуекелдерді анықтау және қолданыстағы заңнамаға және тәжірибеге талдау жасау арқылы құқықтық тәуекелдерді азайту жолдарын ұсыну болып табылады.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызының қысқаша сипаттамасы. Зерттеу объектісіне ғалымдардың қызығушылықтарының артуы, проблемалық мәселелерді кешенді шешу үшін зерттеуді қажет ететін көптеген сұрақтар туғызады. Бұл ретте, мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасудағы құқықтық тәуекелдерді теориялық тұрғыдан зерттеу құқық доктринасы үшін маңызды. Ғылыми мақаладағы зерттеулер тәжірибедегі заң бұзушылықтардың алдын алуға көмектеседі.

Зерттеу әдістемесінің қысқаша сипаттамасы. Бұл зерттеу жұмысы кешенді талдау жасауды талап етеді, сондықтан зерттеу жүргізу барысында жүйелі түрде жалпы және арнайы ғылыми-зерттеудің эмпирикалық және теориялық әдістері қолданылады.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары. Зерттеудің нәтижесінде негізгі құқықтық тәуекелдер анықталып жүйеленді, тәжірибеге талдау жасалды. Заңнаманы бұдан әрі жетілдіруге, қатысушылардың құқықтық мәдениетін арттыруға тұжырымдар жасалды.

Жүргізілген зерттеудің мәні – зерттеу нәтижелерін азаматтық құқық саласы бойынша дәріс беруде және зерттеуші ғалымдар үшін ғылыми материал ретінде пайдалануға болады.

Жұмыс нәтижелерінің практикалық мәні. Жұмыс нәтижелерін тапсырыс берушілердің, әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілердің, құқық қолдану органдарының, сот органдарының, соңымен қатар заң шығарушы және реттеуші органдардың жұмыстарында қолдануға болады.

Түйінді сөздер: мемлекеттік сатып алу туралы шарт, құқықтық тәуекелдер, тапсырыс беруші, құқықтық мәдениет.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhmk6464@mail.ru.

Kіріспе

Қазақстан Республикасының Президентімен 01 шілде 2024 жылы «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңға қол қойылды. Бұл заң мемлекеттік сатып алулар саласын құқықтық реттеудегі уақыт талабына сәйкес қабылданған маңызды құжат.

Заң Президенттің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында қабылданды¹.

Жаңа заң мемлекеттік сатып алу саласындағы мерзімдерді жеңілдету және қысқартуға, шағымдарды қараудың жаңа механизмін енгізуге, өнім берушілердің жауапкершілігін күшейтуге, қоғамдық мониторинг институтын енгізуге, кешенді құрылыс институтын қалыптастыруға, офтейк-контрактілер, бір көзден сатып алуды жеңілдетуге бағытталған. Яғни, жаңа заң мемлекеттік сатып алу саласында туындайтын түрлі құқықтық тәуекелдерді болдырмауды және азайтуды көздейді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу институты қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуға арналған мемлекеттік ресурстарды бөлудегі басты механизм болып табылады. Сәйкесінше, мемлекеттік сатып алу институты әрқашан мемлекеттің басты назарында.

Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолданудағы заң бұзушылықтар және экономикалық ортадағы қиыншылықтар мемлекеттік сатып алу саласын кешенді қарастырып зерттеуді қажет етеді.

Мемлекеттік сатып алу саласында тапсырыс беруші мен өнім беруші арасындағы азаматтық-құқықтық қатынастарды реттейтін негізгі құжат – бұл мемлекеттік сатып алу шарты деп қарастыратын болсақ, оны жасасқаннан кейін туындайтын көптеген проблемалық мәселелер азаматтық құқықтық тәуекелдер ұғымына әкеліп, құқықтық тәуекелдерді болдырмаудың жолдарын зерттеу қажеттілігін туындатады. Атап айтқанда, тапсырыс берушілер мен өнім берушілер шарт жасасқаннан кейін немесе шарт жасасқанға дейін

түрлі объективтік және субъективтік факторларға байланысты орын алатын құқықтық тәуекелдермен кездеседі. Бұндай тәуекелдер мемлекеттік сатып алу шартының қатысушыларына кері әсерін тигізіп, дауларға, қаржылық жоғалтуларға және заң нормаларының бұзылуына алып келеді.

Бұл жағдайда мемлекеттік сатып алу жүйесінде азаматтық-құқықтық шарттар ерекше рөл атқарады, өйткені олардың көмегімен мемлекеттік сатып алу үдерісінде бірізділік қамтамасыз етіліп, қатысушылардың іс-әрекетінде тәртіп орнайды.

Жоғарыда айтылғандар мемлекеттік сатып алу жүйесінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасудағы құқықтық тәуекелдерді зерттеу, оларды болдырмау және азайту мәселелерін қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылатындығын және кешенді зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді.

Мақалада зерттеу объектісі ретінде мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасу және орындау барысында туындайтын қоғамдық қатынастар мен осы процесті реттейтін құқықтық нормалар қарастырылады. Атап айтқанда, зерттеу мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу жағдайларынан, шарт жасасу кезіндегі теріс пайдаланушылықтан және заң актілеріндегі кемшіліктерден туындайтын құқықтық тәуекелдерге, сондай-ақ олардың қатысушыларға тигізетін құқықтық салдарына назар аударады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Мақаланың мақсаты - мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасу кезінде туындайтын құқықтық тәуекелдерді талдап, қатысушылардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету үшін оларды шектеу және төмендету бағытында ұсыныстар әзірлеу болып.

Мақаланың міндеттері мыналар болып табылады:

- мемлекеттік сатып алу туралы шарттың құқықтық табиғатын және оны жасасу ерекшеліктерін зерттеу;

- шартты дайындау, жасасу және орындалуы сатысындағы негізгі құқықтық тәуекелдерді анықтау;

¹ Мемлекет басшысы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. // URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-memleketitik-satyp-alu-turaly-kazakstan-respublikasynyn-zany-na-kol-koydy-16395>. (жүгінген күні: 27.10.2024).

- заңнамадағы кемшіліктерді, заң нормаларын қолданудағы тәжірибелік кемшіліктерді қоса алғанда, құқықтық тәуекелдердің пайда болу себептерін талдау;

- типтік қателер мен заң бұзушылықтарды анықтау үшін, мемлекеттік сатып алу саласындағы даулар бойынша сот және әкімшілік практиканы қарау;

- сатып алу процесіне қатысушыларға қол жетімді құқықтық тәуекелдердің алдын алу және азайту бойынша механизмдерге баға беру;

- құқықтық тәуекелдерді азайту және мемлекеттік сатып алуларды құқықтық реттеуді жетілдіру үшін ұсынымдар дайындау.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасудағы құқықтық тәуекелдердің орын алуы мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеудегі кемшіліктерден және заңнаманы құқықтық тәжірибеде дұрыс қолданбаудан, тәуекелдерді болдырмау мен бақылаудың тиімді механизмінің жоқтығынан орын алады. Құқықтық тәуекелдерді нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру арқылы, сатып алуға қатысушыларды құқықтық қорғау бойынша қосымша шараларды енгізу арқылы азайтуға болады деген гипотеза жасалады.

Мақаланың теориялық, практикалық және әлеуметтік маңыздылығы да бар. Ғылыми мақаланың тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде тақырыпқа қатысты отандық авторлардың монографиялық ғылыми жұмыстары жоқ екені анықталды. Бұл ретте, жақын және алыс шетелдік (Ресей, Украина, Германия, Польша) ғалымдардың еңбектері зерттелді.

Зерттеу жүргізудің теориялық негіздемесі ретінде қазақстандық, ресейлік, украиндық авторлардың, атап айтқанда В.В. Тен, А.А. Шахбазян, Е.А. Суханов, Р.А. Крючков, М.Ю. Осипов, М.М. Старосельцева, В.В. Устинова, И.Т. Трубилинаның ғылыми еңбектері негізге алынды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақаладағы зерттеудің әдіснамалық негізін танымның ғылыми диалектикалық әдістерінің ережелері

құрайды. Мақаладағы зерттеулер тақырып бойынша нормативтік - құқықтық деректерді талдау, ұлттық және халықаралық нормаларды салыстыру, жүйелілік, кейс әдістер қолданудан, яғни нақты ситуацияларға талдау жасау, құқықтық салыстыру, құқықтық болжау әдістерін қолдану арқылы жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылау

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудағы құқықтық тәуекелдер мәселесін қарастырмас бұрын, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың заңды анықтамасына сілтеме жасап, оның құқықтық мән-мағынасына көңіл бөлген жөн.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мемлекеттік сатып алу шарты, заңмен көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалып, электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған азаматтық-құқықтық келісім болып табылады.

Қазіргі заңнама мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде пайда болатын азаматтық құқықтық қатынастарды шарттық реттеуде тек мемлекеттік сатып алу туралы шартпен ғана шектелмей, басқа да шарттық келісімдер ұғымдарын қолданады.

Атап айтқанда, қолданыстағы заңнама негіздемелік және офтейк келісім-шарты туралы түсініктер қарастырған. Осы орайда, негіздемелік келісім тараптар арасында кейіннен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мақсатында орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды өткізу нәтижелері бойынша әлеуетті өнім берушілермен жасалатын келісім ретінде анықталса, офтейк-келісімшарты тараптардың арасында жасалған сатып алуға жоспарланған тауарларды, яғни материалдық игіліктерді болашақта сатып алу жөніндегі келісім ретінде қаралады².

Біздің зерттеуіміз мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасудағы құқықтық тәуекелдерге бағытталғандықтан, соңғы екі ұғымға арнайы тоқталмаймыз.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың ұғымына, оның құқықтық

² Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңы. // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34146377#activate_doc=2. (жүргінген күні: 24.10.2024).

табиғатына қатысты ғылыми әдебиеттерде түрлі пікірлер айтылуда. Отандық зерттеушілер Г.Б. Мұқалдиева, З.Н. Аданбекова, Р.Б. Сейсенбекова мемлекеттік сатып алу саласында бірізді терминологиялық ақпарат қалыптаспағандығын, сондықтан мазмұны мен мәні жағынан бірдей, тепетең құқықтық феномендер түрлі мемлекеттер мен аймақтарда әрқалай аталатындығын көрсетеді [1, 43 б.].

Мемлекеттік сатып алулар саласындағы деңгейлілік, шартты жасасасудағы негізгі субъект болып табылатын тапсырыс берушілерді бөліп қарастырудың мысалы ретінде Ресей Федерациясын алатын болсақ, бұл мемлекеттегі «Мемлекеттік және муниципалдық қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу саласындағы келісім-шарттық жүйе туралы» 05.04.2013 N44-ФЗ Федералдық заңында «мемлекеттік контракт», «муниципалдық контракт», «контракт» ұғымдары кеңінен қолданылған. Сәйкесінше, тапсырыс берушілер «мемлекеттік тапсырыс беруші», «муниципалдық тапсырыс беруші», «тапсырыс беруші» деп санаттарға бөлінеді³.

Ресейлік ізденуші М.В.Руденконың зерттеулерінен мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеудегі деңгейлілік қағидатын қолдану Германдық федеративтік республикасында да кенінен тарағандығы байқалады. Автор бұл елде мемлекеттік сатып алу орталықтандырылмағандығын, 30 000-ға жуық мемлекеттік тапсырыс берушілер үш деңгейде жұмыс жасайтындығын көрсетеді: федеративтік, аймақтық және муниципалдық [2, с. 42].

Қазақстандық құқықтық жүйесіндегі мемлекеттік сатып алу туралы шарттың құқықтық табиғатын зерттеуге, өзіндік ұғым қалыптастыруға отандық ғалымдардың да бірқатар еңбектері арналған. Айталық, Г.Б. Мұқалдиева, З.Н. Аданбекова, Р.Б. Сейсенбекова мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың құқықтық табиғатын зерттей келе, мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартқа түсінік беріп, оны мемлекеттік тапсырысты

жүзеге асырудың құқықтық нысаны ретінде қарастырады [1, 44 б.].

Біздің ойымызша, қазіргі мемлекеттік сатып алу заңнамасы сатып алу саласындағы қатынастарға қатысты қолданылатынын және бюджет заңнамасына сәйкес мемлекеттік тапсырма аясында алынатын тауарлар, жұмыстар, сонымен қатар көрсетілетін қызметтер бұл қатарға жатпайтынын назарға алсақ, мемлекеттік сатып алу туралы шартқа анықтама беруде «мемлекеттік тапсырыс» ұғымын қолданбаған жөн. Себебі, мемлекеттік тапсырыс бойынша сатып алынатын материалдық игіліктер мемлекеттік сатып алу заңнамасымен реттелмейді.

Отандық ғалым В.В. Теннің зерттеу жұмысында мемлекеттік сатып алу шартының авторлық түсінігі қарастырылады. Онда мемлекеттік сатып алу шартының мәні ашылады. Автор мемлекеттік сатып алу шартын заңмен қаралған жағдайларды қоспағанда мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалатын және электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілетін азаматтық-құқықтық келісім шарттың дербес түрі деп түсіндіреді [3, с. 8].

Жоғарыда айтып кеткендей, мемлекеттік сатып алу жүйесінде мемлекетаралық біртұтас терминологиялық феномендер қалыптаспаған.

«Шарт» және «Контракт» ұғымдарының арақатыстылығы туралы айтатын болсақ, бұл терминдер синоним ретінде қаралады. Келісімшарт – азаматтық құқықта екі немесе одан да көп адамдардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі, мәміле деп тұжырымдалған. Контракт ұғымына анықтама беруде азаматтық және еңбек қатынастарына қатысты «келісімшарт» ұғымының синонимі деп айқындалған⁴. Яғни, келісім шарт және контракт ұғымдарын біріктіретін белгісі келісімге келушілердің өзара келісімдерін қалай атайтындығына қарамастан, өзара міндеттемелер туралы келісімге келуінде.

³ Федеральный закон «О контрактной системе в сфере закупок товаров, работ, услуг для обеспечения государственных и муниципальных нужд» от 05.04.2013 N44-ФЗ. // URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_144624/. (дата обращения: 24.10.2024).

⁴ Большой юридический словарь. // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1999000&pos=5;-106#pos=5;-106. (дата обращения: 24.10.2024).

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың заңнамалық анықтамасының мағынасынан бұл шарт екі жақты шарт. Заң шарттың екі жақтылығына, бір тапсырыс беруші мен бір өнім беруші арасында жасалатындығына басымдық берген. Біздің көзқарасымыз бойынша, заңнамалық анықтамаға сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шартқа үшінші тұлғалардың қатысуы мүмкін емес, сондықтан көпсубъектілік түсінігі бұл санаттағы шарттарға қолданылмайды.

Мемлекеттік сатып алу шартының тараптары ерекше құқықтық мәртебеге ие болып, тапсырыс беруші және өнім беруші болып айқындалады. Тапсырыс беруші мемлекет атынан әрекет ететін субъект болғандықтан, оның құқықтық мәртебесіне жеке тоқталған жөн деп санаймыз.

Негізінен, тапсырыс беруші мен өнім берушінің құқықтық мәртебесі және анықтамасы 04 желтоқсан 2015 жылғы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңында беріледі.

Тапсырыс берушінің құқықтық мәртебесін айқындау бойынша заң нормаларына құқықтық талдау нәтижесімен төмендегідей ерекшеліктерді көрсетуге болады. Олар, тапсырыс берушілердің мемлекет атынан қатысуы, мемлекеттік сатып алу ісін жүргізуге өкілеттіліктің тек тапсырыс берушіде болуы, жүргізілетін мемлекеттік сатып алуды тапсырыс берушілер бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаражат есебінен жүргізетіндігі, тапсырыс беруші ретінде азаматтық құқықтың кез-келген субъектісі қатыса алмайтындығы.

Көрсетілгендердің негізінде, авторлармен тапсырыс берушілердің құқықтық мәртебесін айқындау үшін төмендегі ерекшеліктерді белгілеу ұсынылады:

- мемлекеттік сатып алуға мемлекет атынан қатысуы;
- мемлекеттік сатып алу ісін жүргізуге өкілеттіліктің болуы;
- мемлекеттік сатып алуды бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаражат есебінен жүргізуі;
- заң актілерінде көрсетілгендерден басқа жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші ретінде тек мемлекет-

тік органдар, мемлекеттік мекемелер, дауыс беру акциясының елу және одан көп пайызы (жаорғылық капиталға қатысудың үлесі) мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен еншілес заңды тұлғалардың болуы.

Мемлекеттік сатып алу шартының екінші қатысушысы өнім берушілер. Өнім беруші – тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы шартқа отырып, контрагент ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Егер кәсіпкерлік қызмет субъектісі емес жеке тұлға тапсырыс берушілерге өз жеке меншігіндегі тұрғын үйді сататын болса, ол да өнім беруші ретінде қарастырылуы мүмкін.

Өнім берушінің құқықтық мәртебесін айқындауда заң шығарушымен бір ғана ерекше жағдай көрсетіледі. Ол, өнім беруші ретінде мемлекеттік мекемелердің қатыса алмауы.

Біздің ойымызша, заң шығарушы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың мазмұнын айқындауда мемлекет атынан қатысатын субъектіні бірінші атаған. Бұл өз кезегінде, тапсырыс берушілерде мемлекеттік үлесі бар екендігін көрсетеді және бұл құқықтық қатынаста тапсырыс берушілердің орнына басымдық береді. Біздің ойымызша, отандық заңнамадағы мемлекеттік сатып алу саласында пайда болатын құқықтық қатынастарды реттеуде «шарт» сөзінің орнына «мемлекеттік контракт» ұғымын қолдану, мемлекеттік сатып алу жүйесіне салмақтылық береді және құқықтық тәуекелдердің азаюына әсер етеді, сонымен қатар бұл санаттағы шарттарға басқа азаматтық құқықтық шарттардың арасында ерекше статус береді.

Авторлармен мемлекеттік сатып алу туралы шарт атауын мемлекеттік контракт атауымен ауыстыру ұсынылады және оған мынадай авторлық анықтама беріледі. «Мемлекеттік контракт - заңда көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші мен өнім берушінің мемлекеттік сатып алу веб- порталы арқылы тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу үшін электрондық - цифрлік қолтаңбалармен бекітілген жазбаша

нысандағы электрондық азаматтық-құқықтық шарт».

Біздің ойымызша, «Мемлекеттік контракт» терминін қолдану осы түрдегі шарттарға мемлекеттік деңгейде ерекше мәртебе береді. Шарттың электрондық нысанда екендігін нақты көрсету тапсырыс берушілердің мемлекеттік сатып алу веб-порталынан тыс шарт жасауына кедергі келтіреді.

Мемлекеттік сатып алу шарттарын жасауға қатысты ерекшеліктерге назар аударсақ, бұл санаттағы шарттардың тараптарының бірі міндетті түрде мемлекеттік заңды тұлғалар немесе мемлекеттік үлесі бар квазимемлекеттік субъектілер болып табылатындығын көрсетуге болады. Сонымен қатар, бұл саладағы шарттар тек жазбаша нысанда жасалады. Шарт жасасу мемлекеттік сатып алудың орталықтандырылған веб-порталында онлайн режимде тараптардың электрондық цифрлық қолтаңбасын қою арқылы жасалады және бұл санаттағы шарттарың пәні тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 43-бабына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жобалары уәкілетті орган бекітетін тауарларды мемлекеттік сатып алу, жұмыстарды мемлекеттік сатып алу және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарттарға сәйкес жасалады⁵.

Осылайша, жүргізілген мемлекеттік сатып алулардың нәтижесінде тапсырыс беруші өнім берушіге шартты үлгілік шарттарға сай жасап, жолдауға міндетті. Мемлекеттік сатып алу ісін жүргізу құқықтық білімі жоқ мамандарға тапсырылған тапсырыс беруші – мекемелерінде жасалған шарттың орындалмай қалу қаупі жоғары болып келеді, себебі жауапты мамандармен үлгілік шарттар еш жөзгеріссіз, шартты пысықтайтын нормалар енгізілмей бастапқы түрінде жолданады. Яғни, мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасудағы құқықтық тәуекелдердің орын алуы шарт жасасудың осы сатысынан бастау алады. Сондықтан, мемлекеттік сатып алу ісін жүргізетін

мамандар үшін азаматтық құқықтық шарттардың құқықтық табиғатын білу, оларды жасасудағы негізгі қажетті ережелер мен кездесуі мүмкін құқықтық кедергілердің теориялық негіздемесін білген дұрыс. Бұл ретте, құқықтық теорияда қалыптасқан құқықтық тәуекелдер ұғымына, олардың жіктелуіне қатысты мәселелерге тоқталамыз.

Құқықтық тәуекелдер мәселесіне қатысты цивилистикада көптеген авторлардың еңбектерін кездестіруге болады және бұл құқықтық санат кеңес үкіметі кезінен зерттеліп, ғалымдармен түрлі пікірлер айтылған. Айталық, ресейлік ғалым К.П. Победоносцев өзінің еңбекерінде «кез келген шарт, сөзсіз, тәуекелдермен байланысты ...» деп көрсетсе, Я.М. Магазинер «құқық ұғымын тәуекелдерді бөлу жүйесі ретінде қарастырады, олар экономиканың табиғи заңдардың негізінде бөліністерді өзгертіп және жөндеп тұратынын көрсетеді» [4, с. 132].

Зерттеулерде кездесетін құқықтық тәуекелдерге берілген анықтамалар бойынша ғалымдар құқықтық тәуекелдердің орын алуын заң нормаларының бұзулыуымен, табыстан айырылып қалумен байланыстыратындығы байқалады. Кейбір авторлар құқықтық тәуекелдер мен құқықтық жауапкершілік ұғымдарының арақатынастылығы туралы айтқан [5, с. 431].

Үлкен заң сөздігінде берілген анықтамаға сәйкес тәуекел – бұл болуы мүмкін және болмай қалмайтын сипаттағы, шығыстардың себебі болуы мүмкін кездейсоқтық немесе оқиға⁶.

Цивилистикалық әдебиеттерде дәстүр бойынша тәуекелдердің негізі үш тұжырымдамасын бөліп көрсетуге болады: объективті, субъективті және күрделі (дуалистік).

Объективті теорияға сәйкес тәуекел субъектінің санасына тәуелсіз объективті категория болып табылады. Бұл теорияны жақтаушыларға Н.С. Малейнді, Т.М. Калининді, А.А. Собчакті және басқаларды

⁵ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңы. // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34146377#activate_doc=2. (жүгінген күні: 24.10.2024).

⁶ Терминологический словарь-справочник юриста. // URL: <https://www.iprbookshop.ru/epd-reader?publicationId=27077> (дата обращения: 24.10.2024).

жатқызады. Сонымен қатар, А.А. Собчактың айтуынша тәуекел әрқашан жағымсыз салдарлардың туындау қаупі болып табылады және олардың туындауы немесе туындамауы белгісіз болып келеді.

Субъективті теорияны жақтаушылар тәуекелді субъективті категория ретінде қарастырды - адамның өз әрекетінің ықтимал (кездейсоқ) салдарына психикалық қатынасы ретінде қарайды. Субъективтік теорияны қолдаушыларға В.А. Ойгензихт, С.Н. Братусь, О.А. Красавчиков және тағы басқа авторларды жатқызады.

Бірқатар авторлар (А.П. Алгин, М.Ф. Озрих, Е.О. Харитонов және т. б.) тәуекелді объективті-субъективті категория ретінде анықтай отырып, компромисстік көзқараспен бөліседі. Е.О. Харитоновтың айтуынша, объективті тәуекел жауапкершілікпен бір жазықтықта, ал субъективті тәуекел кінәмен тең құбылыс. Дуалистік тұжырымдаманы жақтаушылар объективті тәуекел заң шығарушымен белгілі бір тұлғаға жүктелген ықтимал шығындар немесе шығыстар, ал субъективті тәуекел – адамның қоғамға пайдалы нәтижеге бағытталған өзінің заңды әрекеттерінің пайда болуы мүмкін теріс салдарын болжау ретінде түсіндіріледі [6, с. 49].

О.А.Красавчиковтың пайымдауынша тәуекел - ол субъектінің еркінен тыс пайда болатын жағымсыз мүлдіктік салдардың орын алу қаупі ретінде қаралады. Яғни, тәуекел кінәсіз келтірілген зиянды өтеуге ғана негіз болады, ал кінә болған жағдайда азаматтық құқықтық жауапкершілік мәселесі туындайды [7, с. 66].

В.А. Ойгензихтның пікірінше, тәуекел кінә ұғымынан ерекшеленетін субъективтік категория және тұлғаның өзінің әрекетіне, одан туындайтын немесе туындауы мүмкін нәтижелерге деген психикалық қатынасын білдіреді, ол жағымсыз мүлдіктік салдардың орын алуына саналы түрде жол береді [8, с. 62].

Ал, Реселік ғалым Р.А. Крючков өзінің диссертациялық зерттеуінде тәуекел ұғымына ерекше тоқтап, құқықтағы тәуекел - «адамның іс-әрекетіне тән, объективті түрде бар және белгілі бір шектерде бағалауға

және ерікті түрде реттеуге қабілетті, әртүрлі алғышарттармен табиғи түрде байланысты келеңсіз оқиғалардың туындауы салдарынан құқықтық қатынастар субъектілерінің теріс салдарларға ұшырау ықтималдығы (қауіп факторлары)» деп көрсетеді [9, с. 8].

М.Ю. Осипов бұл тұжырыммен келіспей, берілген анықтама тәуекелдердің мазмұнын толық ашпайтындығын, себебі бұл жерде келеңсіз салдардың не екені түсініксіз екенің және олардың қандай салдары бар екені белгісіз екенің көрсетеді: экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік немесе құқықтық. Ғалымның айтуынша, құқықтағы тәуекел немесе құқықтық тәуекел - бұл құқық субъектілері үшін белгілі бір келеңсіз құқықтық (экономикалық, әлеуметтік емес, мәдени емес) салдарлардың туындау ықтималдығы [10, с. 268].

М.М. Старосельцева және В.В. Устинова азаматтық-құқықтық тәуекелдерді күтпеген жағдайлардың пайда болу қаупі ретінде қарастырады. Олардың пайда болуы күтпеген салдарды туындататын екі түрлі сипаттағы сыртқы және ішкі факторларға байланысты болып келетіндігін көрсетеді [11, с. 34].

Х.В. Идрисов тәуекелдерді құқықтық категория ретінде қарастыру оған мүдделі емес адамдар үшін тәуекелдік қызметтің қандай да бір шығындардың орын алуына әкеп соғатынымен, сәйкесінше бұндай тәуекелдік қызмет субъектілері үшін құқықтық салдар туғызатыны тұрғысынан қарайды. Басқаша айтқанда, тәуекелді іс-әрекеттер олардың жүзеге асырылуына (субъектілер үшін қауіпті қызметтің жағымсыз салдарларының туындауы) байланысты заңның аясына жатады. Керісінше, бар, бірақ ақырында жүзеге аспайтын тәуекел азаматтық құқықтың назарында емес [12, с. 61].

Тәуекелдер ұғымына қатысты цивилистикалық көзқарастардың түрлі болуына қарамастан, олардың кейбір ортақ белгілерін анықтауға болады. Айталық, тәуекелдер әрқашан болу-болмау сипатындағы және тиісті субъектілердің әрекеттеріне байланысты емес жағымсыз салдар болып табылады.

Жоғарыда көрсетілгендей, құқықтық доктринада құқықтық

тәуекелдер ұғымына бірыңғай анықтама жоқ. Қазіргі ғалымдар бұл ұғымға анықтама беруде экономикалық белгілермен байланыстыратындығы байқалады. Бұл тұрғыда, біз құқықтық тәуекелдердің объективтік теориядағы субъектінің еркінен тыс пайда болатын жағымсыз мүліктік салдардың орын алуы деген тұжырымды ұстанамыз.

Қолданыстағы азаматтық заңнама нормаларында да тәуекелдерге қатысты ресми анықтама берілмеген. Құқықтық тәуекел институты азаматтық заңнаманың жекелеген бөліктерінде ғана көрініс табады және әр жағдайда оның құқықтық салдарына қарай сараланады. Айталық, азаматтық құқықтық шарттардағы құқықтық тәуекел Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 190 бабында (Мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі), 275 – бабында (Міндеттемені тиісті адамның орындауы), 339 – бабында (Несие беруші құқықтарының басқа адамға ауысу негіздері мен тәртібі) кездеседі және жағдайға байланысты қолданылады⁷. Яғни, көрсетілген заң нормаларына сәйкес азаматтық құқықтағы құқықтық тәуекелдер ауырпалығы тауарларға қатысты меншік құқығы иесіне, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге қатысты жұмыстарды орындау үшін қолданылатын материалдарға қатысты меншік құқығы иесіне жүктеледі.

Мемлекеттік сатып алу шарттарын жасау барысында құқықтық тәуекелдердің алдын алу үшін мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде заң талаптарының дәл орындалуы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болдырмауды, сондай-ақ шартты жасау және орындау кезінде құқықтық қамтамасыз ету шаралары қажет.

Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес, мемлекеттік сатып алу шарты азаматтық құқықтық шарттардың бір түрі ретінде қаралғандықтан, мемлекеттік сатып алу шартындағы құқықтық тәуекелдерді қарастыруда азаматтық құқық теориясында қолданылатын жалпы азаматтық құқықтық тәуекелдерге тоқтаған жөн. Олардың қатарына мыналар жатқызылады: азаматтық

құқықтық шарттарда шарттың елеулі талаптарының көрсетілмеуі, шарттың нысанын сақтамау, шартты орындамау (тиісті дәрежеде орындамау) тәуекелі, шартты бұзу, шартты орындаудан бір жақты бас тарту, шарт бойынша міндеттемені контрагент тарапынан орындамау, шығындардың пайда болу тәуекелі.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде пайда болған, алайда тексерулер нәтижесімен тек шарт жасасу кезінде, немесе шарт жасалып болғаннан кейін айқындалған кемшіліктер және олқылықтар мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасуда арнайы құқықтық кедергілерді туғызады. Олар, мемлекеттік сатып алуды жоспарлау, конкурстық рәсімдер өткізуде, өнім берушіні анықтау кезінде орын алған кемшіліктерден туындайтын құқықтық тәуекелдер. Жоғарыда көрсетілгендей, азаматтық құқықтық тәуекелдерді жіктеудің әртүрлі түрлері бар. Алайда, тәуекелді бөлудің заңды критерийі белгіленген жағдайда ғана көзделген мақсатқа жету мүмкін болады.

Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнамада және сот тәжірибесінде тәуекелді бөлудің әмбебап критерийі жоқ. Мұндай критерий доктринада да әзірленбеген. Ғалымдарды ұсынған критерийлеріне талдау жасау арқылы тәуекелдерді екі санатқа бөліп қарастыруға болады: әсер ету көзіне қарай құқықтық тәуекелдер сыртқы – заңнамадағы өзгерістер, оны шарт тарапының бұзуы және шарт тараптарының бірінің тікелей ішкі – құқықтық қателері [13, с. 231].

Құқық теориясында тәуекелдерді анықтау шарт жасасу сатысымен байланыстырылады. Сондықтан, құқықтық тәуекелдердің негізгілерін айқындауда шарт жасасу сатысын білу маңызды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасу сатысы және тәртібі қатаң регламенттелген және мыналарды қамтиды: мемлекеттік сатып алуды жоспарлау, мемлекеттік сатып алу туралы хабарлама жариялау, қатысушылармен өтінімдерді дайындау және беру, өтінімдерді қарау (баға ұсыныстарын тандау), жеңімпазды анықтау, шартты жасау, шартты

⁷ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы

орындау, шарттың орындалуын бақылау және есеп беру, дауларды шешу.

Ресейлік онлайн басылымда жарияланған ақпаратқа сәйкес, мақала авторы Е. Колнооченко мемлекеттік сатып алу процесіндегі тәуекелдердің келесі түрлерін көрсетеді:

- бәсекелестік рәсімдерінің бұзылуы (ауызша шарт жасау);
- өнім берушімен қажетті қарым қатынастың қалыптастырылмауы;
- мүдделер қақтығысы (сыйлықтар алу, өнім беруші ретінде достарын, жақын туыстарын және таныстарын тандау);
- қатысушылардың ұсыныстарына дұрыс баға бермеу (бейтараптық көрсету);
- белгілі өнім берушінің пайдасы үшін негізсіз талаптар белгілеу;
- өнім берушіден сапасы төмен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді қабылдау;
- сатып алу құжаттарын рәсімдеп беруге байланысты алаяқтық;
- қажетті бақылау механизмінің болмауы және т.б.⁸.

Аталғандардан бөлек, зерттеу жүргізу нәтижесінде авторлармен төмендегідей қосымша құқықтық тәуекелдер анықталды:

- заң бұзушылықтардан туындайтын тәуекелдер;
- шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстар мен қызметтерді орындау мерзімдерінің бұзылуы.

Ғылыми мақалада көрсетілген құқықтық тәуекелдердің болуы мемлекеттік сатып алу саласындағы түрлі заң бұзушылықтарға алып келеді.

Біздің ойымызша, қазіргі мемлекеттік сатып алу жүйесінде мемлекеттік бюджет қаражатының бір көзден бөлінетініне қарамастан, біртұтас іске асыру әдістері мен мемлекеттік сатып алу саласына арналған ортақ стратегияның болмауы себебінен сатып алу процесінің құқықтық негіздері, әртүрлі платформалары мен сайттар реттелмей, жүйесіз және бытыраңқы

күйде қалған. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуды жоспарлауда тапсырыс берушілермен сатып алу бағасын қолдан көтеру жағдайлары кең таралған.

Бұл туралы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында да айтылған. Айталық, Дүниежүзілік банк, Ислам даму банкі және басқа да халықаралық ұйымдардың сарапшылары елімізде мемлекеттік сатып алу саласында бірыңғай заңнамалық және нормативтік-құқықтық базаның болмауы ортақ әрі экономикалық тиімді тәжірибелерді енгізуге кедергі келтіретінін атап өткен⁹.

2023 жылы мемлекеттік сатып алуға жүргізілген мониторинг нәтижесімен тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер құнын жалпы сомасы 41,4 млрд теңгеге асыра бағалаудың алды алынған, барлығы – 140,6 млрд теңге (2019 ж. – 0,8 млрд теңге, 2020 ж. – 22,8 млрд теңге, 2021 ж. – 46,6 млрд теңге, 2022 ж. – 29 млрд теңге) қаражатқа асыра бағалау жағдайларын анықталған¹⁰.

Бұл ретте, бағаларды негізсіз көтеру көп жағдайда кеңсе кеңсе тауарлары, жанар-жағармай, компьютерлік техника және азық-түлік өнімдерін сатып алу кезінде орын алатындығына және бағалардың осылайша асыра белгіленуіне көбінесе әкімдік аппараттары, білім беру және денсаулық сақтау мекемелері жол беретініне назар аударған жөн.

Мысалға, Қостанай облысының аудандық Білім бөлімі 2023 жылы наурызда литріне 580 теңгеден 43 мың литр жазғы дизель отынын сатып алуды жоспарланып, көрсетілген күні орташа бағасы литріне 250 теңгеден кем. 14,8 млн. теңгеге сатып алудың артуына жол берілмеген.

Ақтөбе облысында Денсаулық сақтау министрлігінің аумақтық департаменті жалпы сомасы 15 млн. теңгеге 3 мың дана жиынтықта бір

// URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_#z136. (жүрінген күні: 24.10.2024).

⁸ Антикоррупционные меры при госзакупках: опыт Канады. // URL: <http://www.ua-tenders.com/rubrics/materials/205742/>. (дата обращения: 24.10.2024).

⁹ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/https://adilet.zan.kz/kaz/>. (жүрінген күні: 24.10.2024).

реттік қорғаныш медициналық костюм сатып алуды жоспарлаған. Бұл ретте, тауардың осындай көлемінің орташа нарықтық құны 6 млн. теңгені құраған. 9 млн. теңге мөлшеріндегі үнемдеу бюджетке қайтарылған.

Абай облысында 2023 жылы маусым айында атқарушы орган басшыға жиһаз сатып алуды 2 млн. теңгеге жоспарлаған, жиынтық үшін орташа нарықтық құны 1 млн. теңге. Мониторинг нәтижесінде жиһаз 1,3 млн. теңгеге сатып алынып, бағасы 700 мың теңгеге төмендетілген.

Түркістан облысында квазимемлекеттік сектор субъектісі 2023 жылғы қарашада нарықтық құны 5 млн. теңгеден аспайтын 11 млн. теңгеге өз сайты қайта құру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлаған. Үнемдеу 7 млн. теңгені құрап (көрсетілетін қызмет 4 млн теңгеге сатып алынған).

2023 жылы 142 сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіліп, мемлекеттік органдарға 787 ұсыныс енгізіліп, олардың 488-і немесе 62%-ы орындалған¹⁰.

Жоғарыда көрсетілгендей, мемлекеттік сатып алулар саласында жасалатық құқық бұзушылықтардың басым бөлігі құқықтық тәуекелдер ұғымымен байланысты. Ал азаматтық заңнамада, соның ішінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада құқықтық тәуекелдер ұғымына анықтама берілмеуі бұл саладағы заң бұзушылықтардың орын алуына әкеп соғатыны сөзсіз. Бұл тұрғыда, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 2 –бабын 36-шы тармақпен толықтырып, құқықтық тәуекелдерге мынадай анықтама беруді ұсынамыз: «36) Құқықтық тәуекелдер – бұл мемлекеттік сатып алуға қатысушыларға жүктелетін және олардың еркінен тыс туындайтын құқықтық салдар қаупі.» Біздің ойымызша, құқықтық тәуекелдер ұғымын заңды түрде ресми анықтау заң бұзушылықтардың санын азайтуға ықпал етеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесімен мемлекеттік сатып алу

саласындағы құқықтық тәуекелдер тапсырыс берушілер үшін де өнім берушілер үшін де елеулі қауіп тудырады деген тұжырым жасауға болады. Мұндай тәуекелдердің туындауына негізгі факторлар ретінде құқықтық базаның жетілмеуі, сыбайлас жемқорлық қаупі, мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығының жеткіліксіздігі және шарттардың орындалуын бақылау мен мониторинг жүргізудегі қиындықтар жатады.

Құқықтық тәуекелдерді төмендету үшін заңнаманы жетілдіру, мониторинг пен бақылаудың жаңа тетіктерін енгізу, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу жүргізуде бәсекелестік пен ашықтықты қамтамасыз ету қажет. Бұл ретте, құқық қолдану тәжірибесін дамытудың да орны ерекше. Құқық қолдану тәжірибесін дамыту арқылы құқықтық нормалардың бірыңғай түсінік берілуіне қол жеткіземіз. Демек, құқықтық, әкімшілік және заң нормалары тұрғысынан кешенді қарау ғана құқықтық тәуекелдерді азайтуға және мемлекеттік сатып алулардың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижесінде мемлекеттік сатып алу шартын жасасу кезеңінде туындайтын құқықтық тәуекелдердің сипаты мен себептері айқындалып, оларды азайтуға бағытталған нақты құқықтық және ұйымдастырушылық шаралар кешені ұсынылды.

1. Шарт талаптарының нақтылығының жеткіліксіздігі тараптар арасында әртүрлі түсіндіруге және дау-жанжалдардың туындауына себеп болады. Осыған байланысты, 2024 жылғы 1 шілдедегі №103-VIII ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 17-бабына өзгерістер енгізу ұсынылады:

- шарт жобасына қойылатын міндетті талаптардың нақты тізбесін белгілеу туралы толықтыру енгізу;

- техникалық ерекшеліктердің шарт мазмұнына толық және нақты енгізілуі тиіс екенін заңмен айқындау;

- типтік шарттардың құқықтық мәртебесін нақтылау және оларды қолдану жағдайларын заң деңгейінде бекіту.

Сот практикасы көрсеткендей, шарт жобасындағы бұлыңғыр формулировкалар (мысалы, «шартқа қол қоймаған жағдайда жеңімпаз ретінде

¹⁰ 2023 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндама // URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/documents/details/>. (жүгінген күні: 24.10.2024).

танылмайды») тараптар арасында дау тудырады. Сот практикасы көрсеткендей, шарт жобасындағы бұлыңғыр формулировкалар тараптар арасында дау тудырады. Мысалы, Қызылорда облыстық сотының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы шешімінде өнім беруші тарап шартқа қол қоймағаны үшін жосықсыз қатысушы ретінде танылған¹¹. Сонымен қатар, Жоғарғы Соттың 2024 жылғы 9 қыркүйектегі шешімінде техникалық ерекшеліктер нақты енгізілмеген шарт бойынша тапсырыс беруші тараптың шартты біржақты бұзуы заңсыз деп танылған¹².

2. Шарт жасасудан жалтару тәуекелін төмендету мақсатында:

- заңның 17-бабына өнім берушінің шарт талаптарымен алдын ала электронды келісім беру тетігін енгізу;

- заңның 8 бабына (Мемлекеттік сатып алу саласында қалыптастырылатын тізілімдер) шарттан бас тартқан жеңімпазды автоматты түрде екі жылға жосықсыз қатысушылар тізіміне енгізу тәртібін бекіту ұсынылады.

Атырау облыстық сотының тәжірибесінде шарт талаптарын орындаудан жалтарған өнім беруші екі жыл мерзімге жосықсыз қатысушы ретінде танылған¹³.

3. Шарттардың жарамсыздығына алып келетін бұзушылықтардың алдын

алу үшін заңның 17- бабына:

- уәкілетті органға және тапсырыс берушілерге заң бұзушылықтар анықталған жағдайда шартты тіркеуден бас тарту құқығын қарастыру;

- шартқа қол қою алдында тапсырыс берушілермен ішкі құқықтық аудит жүргізу тәртібін енгізу.

Сонымен қатар, көлемдегі сатып алуларға алдын ала құқықтық аудит жүргізу міндеттеліп, бұл үшін үлгілік аудит актісі әзірленіп, тапсырыс берушінің заң қызметімен бекітілуі тиіс.

4. Сот даулары тәуекелін азайту мақсатында заңның 25 – бабында толықтыру енгізіп, дауларды баламалы түрде шешу мүмкіндігін (медиация, төрелік) заңнамада қарастыру және тараптарға шартта төрелік келісімді қарастыру құқығын нақтылап беру ұсынылады.

Бұл тәсілдердің тиімділігі ҚР Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 нормативтік қаулысында нақты көрсетілген, онда дауларды баламалы шешудің (медиация, төрелік) нәтижелілігі мен тиімділігі атап өтілген¹⁴.

Жоғарыда көрсетілген ұсыныстар мемлекеттік сатып алу саласындағы шарттық қатынастардың айқындығын арттыруға, құқықтық олқылықтарды жоюға және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған.

Авторлардың қосқан үлесі

Ильясова С.М. тақырып бойынша ғылыми мақала жазудағы идеяларды қалыптастырды және зерттеу тұжырымдамасын құрды. Сонымен қатар, автормен зерттеу жоспары дайындалды (ғылыми мақаланы жазу сатылары, оларды жүзеге асыру мерзімдерін белгілеу, жинақтау). Зерттеу жоспарына сәйкес зерттеу әдіснамасы әзірленді, материалдар жинақталды, тұжырымдар жасалды.

Алдабергенова Н.А. мақаланың мәтінін сыни тұрғыдан қайта қарап, оны жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасын бекітті.

Жусупбекова М.Қ. мақаланың құрылымын редакцияның бекіткен талаптарына сәйкес келтірді, тексеріп отырды, тексерілген мақаланы жөндеп әдебиеттерді рәсімдеді мен транслитерациялады.

¹¹ Қызылорда облыстық сотының шешімі, 2015 жылғы 18 желтоқсан. // URL: <https://kzl.sud.kz/kaz/taxonomy/term/146/>. (жүгінген күні: 24.10.2024).

¹² Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының шешімі, 2024 жылғы 9 қыркүйек. // URL: <https://sud.gov.kz/kaz/news/sot-kimshiliginde-2024-zhyldyn-9-ayyndagy-zhumys-korytyndysy-shygaryldy/>. (жүгінген күні: 24.10.2024).

¹³ Атырау облыстық сотының шешімі, азаматтық іс бойынша. // URL: <https://atr.sud.kz/kaz/news/atyrau-oblystyky-sotyryn-azamatyky-zhne-kimshilik-ister-zhonindegi-apellyacyalyk-sot-alkasyen>. (жүгінген күні: 24.10.2024).

¹⁴ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 нормативтік қаулысы. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P220000004S>. (жүгінген күні: 24.10.2024).

Әдебиеттің тізімі:

1. Мұқалдиева, Г.Б. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың құқықтық реттелу ерекшеліктері. // Г.Б. Мұқалдиева, З.Н. Аданбекова, Р.Б. Сейсембекова // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Хабаршы. Заң сериясы. - 2019. - №1(89). – 43-53 б.
2. Руденко, М.В. Сравнительный анализ государственных закупок Германии и России. // М.В. Руденко // Международный научный журнал «ВЕСТНИК НАУКИ». – 2023. - №8(65). – С. 42.
3. Тен, В.В. Актуальные вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан о государственных закупках: дисс. ... доктора философии (PhD). // В.В.Тен // - Алматы, 2022. – 150 с.
4. Шахбазян, А.А. Понятие и значение правовых рисков в гражданском праве и способы их минимизации. // А.А. Шахбазян // Российский юридический журнал. - 2011. - №5. - С. 128 -136.
5. Суханов, Е.А. Гражданское право. В 4 ч. // Е.А. Суханов // - М.: Издательство «БЕК», 1998. Т. 1. – 431 с.
6. Белокрылов, К.А. Механизмы снижения экономических и правовых рисков в системе закупок для обеспечения государственных и муниципальных нужд: Коллективная монография под. общ. ред. О.С. Белокрыловой. / К.А. Белокрылов, О.С. Белокрылова, Е.Ф. Гуцелюк, Е.Г. Джиеова, С.А. Дюжиков, Л.П. Рунова, Е.В. Тищенко / — Ростов н/Д, Изд-во: Фонд инноваций и экономических технологий «Содействие– XXI век», 2016. — 304 с.
7. Красавчиков, О.А. Возмещение вреда, причиненного источником повышенной опасности.// О.А. Красавчиков // - М.: Юридическая литература, 1966. – 200 с.
8. Диденко, А.А. К вопросу о моделях заключения гражданско – правовых договоров в сфере государственных закупок. Кубанский государственный аграрный университет им. И.Т. Трубилина (Краснодар). // А.А. Диденко // Журнал «Власть закона». – 2013. - №3(15). – С. 77.
9. Крючков, Р.А. Риск в праве: генезис, понятие и управление: автореферат дис. ... канд. юрид. наук. // Р.А. Крючков // - Н. Новгород, 2011. – 27 с.
10. Осипов, М.Ю. Понятие и классификация рисков в праве. Текст научной статьи по специальности «Право». // М.Ю. Осипов // Юридическая техника. – 2019. - №13. – С. 269-274.
11. Старосельцева, М. Гражданско-правовые риски при заключении государственных контрактов в сфере государственных закупок для нужд органов внутренних дел. // М.Старосельцева, В.В. Устинова // Вестник ТвГУ. Серия «Право». - 2016. - №4. - С. 25 –36.
12. Идрисов, Х.В. Риск как гражданско-правовая категория: доктринальные подходы и законодательные позиции. // Х.В. Идрисов // Актуальные проблемы государства и права. - 2022. - №1. - С. 60-64.
13. Снытникова, Н.В. Правовые механизмы минимизации рисков на основе принципа добросовестности при заключении и исполнении договора на оказание юридических услуг в предпринимательской сфере. // Н.В. Снытникова // Материалы XIV Всероссийской научно-практической конференции с международным участием, посвященной памяти профессора Ф.М. Рудинского. - Саратов, 2023. – С. 213.

© С.М. Ильясова¹, Н.А. Алдабергенова¹, М.К. Жусупбекова², 2025¹ Университет «Туран», Алматы, Казакстан² Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казакстан
(E-mail: ¹samal@mail.ru; ¹n.aldabergenova@turana-edu.kz; ²zhmk6464@mail.ru)**ПРАВОВЫЕ РИСКИ ПРИ ЗАКЛЮЧЕНИИ ДОГОВОРОВ
О ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПКАХ**

Аннотация. В данной статье авторы теоретически и практически исследуют вопросы правовых рисков при заключении договоров о государственных закупках, выявляют основные из них, объясняют закономерности их возникновения и предлагают пути их минимизации.

Цель статьи - выявить основные правовые риски при заключении договоров о государственных закупках. Основной задачей статьи является предложение путей снижения правовых рисков путем анализа практики и действующего законодательства.

Краткое описание научной и практической значимости работы. Возрастающий интерес ученых к объекту исследования ставит множество вопросов, требующих исследования для решения сложных задач. При этом, для правовой доктрины важно изучение правовых рисков при заключении договоров о государственных закупках с теоретической точки зрения. Исследования в научной статье могут помочь предотвратить злоупотребления служебным положением на практике.

Краткое описание методологии исследования. Данная исследовательская работа требует комплексного анализа, поэтому в ходе исследования систематически используются эмпирические и теоретические методы общего и специального научного исследования.

Основные результаты и анализ, выводы исследовательской работы. В результате исследования были выявлены и систематизированы основные правовые риски, проанализирован опыт. Сделаны выводы по дальнейшему совершенствованию законодательства и повышению правовой культуры участников закупочных процедур.

Ценность проведенного исследования заключается в том, что результаты исследования могут быть использованы в лекциях по отраслям гражданского права и в качестве научного материала для ученых-исследователей.

Практическое значение итогов работы. Результаты работы в своей повседневной деятельности могут быть использованы представителями заказчиков, осуществляющих государственные закупки, представителями органов контроля.

Ключевые слова: договор о государственных закупках, правовые риски, заказчик, правовая культура.

© S.M. Ilyassova¹, N.A. Aldabergenova¹, M.K. Zhussupbekova², 2025¹ University «Turan», Almaty, Kazakhstan² Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan
(E-mail: ¹samal@mail.ru; ¹n.aldabergenova@turana-edu.kz; ²zhmk6464@mail.ru)**LEGAL RISKS WHEN CONCLUDING
PUBLIC PROCUREMENT CONTRACTS**

Abstract. In this article, the authors theoretically and practically examine the issues of legal risks when concluding public procurement contracts, identify the main ones, explain the patterns of their occurrence and suggest ways to minimize them.

The purpose of the article is to identify the main legal risks when concluding public procurement contracts. The main objective of the article is to propose ways to reduce legal risks by analyzing practice and current legislation.

Brief description of the scientific and practical significance of the work. The growing interest of scientists in the object of research raises many questions that require research to solve complex problems. At the same time, for legal doctrine it is important to study the

legal risks when concluding public procurement contracts from a theoretical point of view. Research in a scientific article can help prevent malpractice in practice.

Brief description of the research methodology. This research work requires a comprehensive analysis, therefore, during the study, empirical and theoretical methods of general and special scientific research are systematically used.

Main results and analysis, conclusions of the research work. As a result of the study, the main legal risks were identified and systematized, and experience was analyzed. The article shows the conclusions on the improvement of legislation in the field of public procurement, which also contributes to the improvement of legal culture.

The value of the research is that the results of the study can be used in lectures on branches of civil law and as scientific material for academic researchers.

Practical significance of the results of the work. Representatives of customers carrying out public procurement and representatives of control authorities can use the results of the work in their daily activities.

Keywords: Public procurement agreement, legal risks, customer, legal culture.

References:

1. Mukaldiyeva, G.B. Seisembekova R.B. Memlekettik satyp alu turaly sharttytyn kutyktyk rettelu erekshelekteri. // G.B. Mukaldiyeva, Z.N. Adanbekova // Al-Farabi atyndagy Kazak Ulttyk universiteti. Habarshy. Zan seriyasy. - 2019. - №1(89). – 43-53 b.
2. Rudenko, M.V. Sravnitelnyi analiz gosudarstvennyh zakupok Germanii i Rossii. // M.V. Rudenko // Mezhdunarodnyi nauchnyi zhurnal «VESTNIK NAUKI». – 2023. - №8(65). – S. 42.
3. Ten, V.V. Aktualnye voprosy sovershenstvovaniya zakonodatelstva Respubliki Kazakhstan o gosudarstvennyh zakupkah: diss. ... doktora filosofii (PhD). // V.V. Ten // - Almaty, 2022. – 150 s.
4. Shahbazyan, A.A. Ponyatie i znachenie pravovyh riskov v grazhdanskom prave i sposoby ih minimizatsii. // A.A. Shahbazyan // Rossiyskiy yuridicheskiy zhurnal. - 2011. - №5. - S. 128 -136.
5. Suhanov, E.A. Grazhdanskoye pravo. V 4 ch. // Suhanov E.A // - M.: Izdatelstvo «BEK», 1998. T. 1. – 405 s.
6. Belokrylov, K.A. Mehanizmy snizheniya ekonomicheskikh i pravovyh riskov v sisteme zakupok dlya obespecheniya gosudarstvennyh i munitsipalnyh nuzhd: Kollektivnaya monografiya pod. obshh. red. O.S. Belokrylovoi // K.A. Belokrylov, O.S. Belokrylova, E.F. Gutselyuk, E.G. Dzhioyeva, S.A. Dyuzhikov, L.P. Runova, E.V. Tishchenko // — Rostov n/D, Izd-vo: Fond innovatsii i ekonomicheskikh tehnologiy «Sodeistviye– XXI vek», 2016. — 304 s.
7. Krasavchikov, O.A. Vozmeshchenie vreda, prichinennogo istochnikom povyshennoi opasnosti. // O.A. Krasavchikov // - M.: Yuridicheskaya literatura, 1966. – 200 s.
8. Didenko, A.A. K voprosu o modelyah zaklyucheniya grazhdansko – pravovyh dogovorov v sfere gosudarstvennyh zakupok. Kubanskiy gosudarstvennyi agrarniy universitet im. I.T. Trubilina (Krasnodar). // A.A. Didenko // Zhurnal «Vlast zakona». – 2013. - №3(15). – S. 77.
9. Kryuchkov, R.A. Risk v prave: genezis, ponyatie i upravlenie: avtoreferat dis. ... kand. yurid. nauk. // R.A. Kryuchkov // - N. Novgorod, 2011. – 27 s.
10. Osipov, M.Ju. Ponyatie i klassifikatsiya riskov v prave. Tekst nauchnoi statyi po spetsialnosti «Pravo». // M.Ju. Osipov // Yuridicheskaya tehnika. – 2019. - №13. – S. 269-274.
11. Staroseltseva, M. Grazhdansko-pravovye riski pri zaklyuchenii gosudarstvennyh kontraktov v sfere gosudarstvennyh zakupok dlya nuzhd organov vnutrennih del. // M. Staroseltseva, V.V. Ustinova // Vestnik TvGU. Seriya «Pravo». - 2016. - №4. - S. 25 –36.
12. Idrisov, H.V. Risk kak grazhdansko-pravovaya kategoriya: doktrinalnye podhody i zakonodatelnye pozitsii. // H.V. Idrisov // Aktualnye problemy gosudarstva i prava. - 2022. - №1. - S. 60-64.
13. Snytnikova, N.V. Pravovye mehanizmy minimizatsii riskov na osnove printsipa

dobrosovestnosti pri zaklyuchenii i ispolnenii dogovora na okazanie yuridicheskikh uslug v predprinimatelskoi sfere. // N.V. Snytnikova // Materialy XIV Vserossiyskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii s mezhdunarodnym uchastiem, posvyashchennoi pamyati professora F.M. Rudinskogo. - Saratov, 2023. – S. 213.

Авторлар туралы мәліметтер:
Сведения об авторах:
Information about authors:

Ильясова Самал Мырзамуратқызы - хат-хабарларға арналған автор, заң ғылымдарының магистрі, «Тұран» университетінің докторанты, Қ. Сатпаев көшесі, 16А, Алматы, Қазақстан.

E-mail: isamal@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7384-3664>.

Алдабергенова Нонна Алдабергенқызы - заң ғылымдарының кандидаты, доцент, «Тұран» университетінің Құқық жоғары мектебінің профессоры, Қ. Сатпаев көшесі, 16А, Алматы, Қазақстан.

E-mail: n.aldabergenova@turan-edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7384-3664>.

Жусупбекова Мадина Қойшыбайқызы - заң ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Құқықтану» кафедрасының доценті, Әйтеке би көшесі, 29А, 120014, Қызылорда, Қазақстан.

E-mail: zhmk6464@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3858-0472>.

Ильясова Самал Мырзамуратовна - автор для корреспонденции, магистр юридических наук, докторант университета «Тұран», улица Сатпаева, 16А, 050013, Алматы, Казахстан.

E-mail: isamal@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7384-3664>.

Алдабергенова Нонна Алдабергеневна - кандидат юридических наук, доцент, профессор Высшей школы права университета «Туран», улица Сатпаева, 16А, 050013, Алматы, Казахстан.

E-mail: n.aldabergenova@turan-edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7384-3664>.

Жусупбекова Мадина Койшыбаевна - кандидат юридических наук, доцент кафедры «Правоведение» Кызылординского университета имени Коркыт Ата, улица Айтеке би, 29А, 120014, Кызылорда, Казахстан.

E-mail: zhmk6464@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3858-0472>.

Ilyassova Samal Myrzamuratovna - corresponding authors, Master of Legal Sciences, doctoral student of the Turan University, 16A K. Satpayev Street, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: isamal@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7384-3664>.

Aldabergenova Nonna Aldabergenovna - Candidate of Legal Sciences, Associate Professor, Professor of Higher School of Law at Turan University, 16A K. Satpayev Street, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: n.aldabergenova@turan-edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7384-3664>.

Zhussupbekova Madina Koishybaevna - Candidate of Legal Sciences, Associate Professor of the Department of Jurisprudence at Korkyt Ata Kyzylorda University, 29A Aiteke Biy Street, 120014, Kyzylorda, Kazakhstan.

E-mail: zhmk6464@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3858-0472>.